

## **"Қазақстан Республикасының ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2708 заң күші бар Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасының ішкі әскерлері туралы" 1992 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 290-құжат; N 24, 592-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Заңның атауы мына редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы Қазақстан Республикасының Заңы";

2) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Қазақстан Республикасы ПМ-інің ішкі әскерлері

ПМ-інің ішкі әскерлері осы Заңда, ПМ-інің ішкі әскерлерінің жарғыларында көзделген өздеріне тапсырылған объектілерді, қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қорғау жөніндегі қызметтік-әскери міндеттерді орындауға арналған әскери ұйым болып табылады. Ішкі әскерлер соғыс кезінде Қарулы Күштерінің резерві болып табылады және Қазақстан Республикасы Президентінің - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Бас Қолбасшысының шешімі бойынша Қарулы Күштердің құрамында Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігін қорғау жөніндегі міндеттерді орындауға тартылады";

3) 2-баптың төртінші абзацындағы "органдарына көмек көрсету" сөздері " органдарымен бірлесіп қатысу" сөздерімен алмастырылсын;

4) 3-бап мына редакцияда жазылсын:

"3-бап. Қазақстан Республикасы ПМ-інің ішкі әскерлері қызметінің құқықтық негізі ПМ-інің ішкі әскерлері қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заң, өзге де құқықтық нормативтік актілер құрайды.

ПМ-інің ішкі әскерлері қызметінде заңдылықтың сақталуын Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен оған бағынатын прокурорлар жүзеге асырады";

5) 4-баптың екінші бөлігі мына редакцияда жазылсын:

"Ішкі әскерлер Қазақстан Республикасы ПМ-інің жүйесіне енеді. Әскерлерді тікелей басқаруды Ішкі істер министрі - ішкі әскерлер Қолбасшысы жүзеге асырады";

6) 6-баптағы "ішкі әскерлеріне" сөздерінің алдынан "ПМ-інің" сөзі қосылсын;

7) 7-баптағы:

екінші абзац алынып тасталсын;

төртінші абзац мына редакцияда жазылсын:

"- Ішкі істер министрін - ішкі әскерлер Қолбасшысын қызметке тағайындайды, қызметтен босатады";

8) 8-баптың:

атауындағы және бірінші абзацындағы "Министрлер Кабинеті" сөздері "Үкіметі" сөзімен алмастырылсын;

9) 9-баптың төртінші абзацы алынып тасталсын;

10) 10-бап мына редакцияда жазылсын:

"10-бап. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі - Қазақстан Республикасы ішкі әскерлерінің Қолбасшысы

Ішкі істер министрі - ішкі әскерлерінің Қолбасшысы:

Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін орындау үшін қызметтік-әскери жұмыс пен ішкі әскерлерінің құрылымын жетілдіру, ұйымдық шараларды өткізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді шығарады;

Республика Үкіметінің қарауына ішкі әскерлер бөлімдері мен бөлімшелерінің жалпы санын, ұйымдық құрылымын өзгерту және орналастыру туралы ұсыныстар енгізеді;

Республика Үкіметіне ішкі әскерлер Қолбасшысының орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы ұсыным енгізеді;

Қазақстан Республикасы ПМ-інің ішкі әскерлері Бас басқармасының құрылымы мен штатын бекітеді;

ішкі әскерлердің тұрақты жауынгерлік және жұмылдырушылық әзірлігін сақтап отырады;

әскерлердің қызметтік-әскери жұмысына, жедел және жауынгерлік әзірлігіне, озық тәжірибені енгізуге, материалдық базаны дамытуға және адам құрамы үшін қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасауға басшылық етеді;

әскерлерді мерзімдік қызметке шақырылған әскери қызметшілерімен және контракт бойынша ерікті түрде жасақтау; Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарына сәйкес оларды запасқа шығару жоспарларын әзірлейді;

бұйрықтар, директивалар, нұсқаулар, нұсқамалар, ережелер, басшылық қағаздар шығарады және құрамалардың, әскери бөлімдердің штаттарын, ішкі әскерлердің

жауынгерлік және жұмылдырушылық әзірліктерінің жоспарлары мен бағдарламаларын , сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстардың жоспарларын бекітеді;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ПМ-інің ішкі әскерлері офицерлерінің әскери қызмет атқару мәселелерін шешеді, оларды құрама командиріне дейінгі қызметке тағайындайды, қызметтен босатады, оларға бастапқы әскери атақтан бастап полковник атағын қоса әскери атақтар береді, запасқа немесе отставкаға шығарады;

ПМ-інің ішкі әскерлерінің әскери қызметшілерін, жұмысшылары мен қызметшілерін мемлекеттік наградалармен наградтауға ұсынады;

жауынгерлік және өзге техника мен басқа да мүлікті әскерлерді жарақтандыруға ( жабдықтауға) қабылдайды, жарамсыз күйге келген немесе жоғалған материалдық құндылықтарды және әскери (бюджеттік) есептегі ақшалай қаражаттарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен есептен шығарады";

11) 11-баптың екінші абзацындағы "Ішкі істер министрі" сөздерінен кейінгі "мен" жалғауы дефиспен алмастырылсын;

12) 12-баптың екінші бөлігіндегі "Байланыс министрлігі, Тасымал министрлігі" сөздері "Көлік және коммуникациялар министрлігі" сөздерімен алмастырылсын;

13) 13-бап мына редакцияда жазылсын:

"13-бап. Облыстық ішкі істер басқармаларының бастықтары

Облыстық ішкі істер басқармаларының бастықтары:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің - Қазақстан Республикасы ішкі әскерлері Қолбасшысының рұқсатымен тұрақты орналасқан мекендердегі арнайы моторландырылған милиция бөлімдерін қоғамдық тәртіпті қорғау, төтенше жағдайлардың (жағдаяттардың) зардаптарын жою үшін, ал еңбекпен түзеу мекемелерін күзететін құрамалар мен бөлімдерді - тікелей күзетілетін объектілердегі сотталғандар арасындағы жаппай тәртіпсіздікті тыю және төтенше жағдаяттардың зардаптарын жою үшін пайдаланады;

құрамалардың, бөлімдердің командирлерімен бірлесіп еңбекпен түзеу мекемелерін күзету жөніндегі және арнайы моторландырылған милиция бөлімдері үшін қызметтік міндеттің көлемін олардың санына орай айқындайды;

еңбекпен түзеу мекемелерін күзететін әскери бөлімдер мен арнайы моторландырылған милиция бөлімдері командирлерінің қызметтік-әскери жұмыс нәтижелері туралы хабарларын тыңдайды;

еңбекпен түзеу мекемелерін күзететін әскери бөлімдер мен бөлімшелердің тіршілігіне, сондай-ақ ішкі істер органдарына көмек көрсету жөніндегі міндеттерді орындау үшін тұрақты орналасқан мекендерінен тыс жүрген ПМ-інің ішкі әскерлері бөлімдеріне тиісті жағдайлар туғызады;

әскерлер күзететін объектілерді инженерлік-техникалық құралдармен жабдықтау, күзет үй-жайларын, әскери қалашықтар салып, оларды көркейту мен жөндеу жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

еңбекпен түзеу мекемелерін күзетуді жүзеге асыратын бөлімдер мен бөлімшелердің офицерлерін, прапорщиктерін, мерзімнен тыс қызметтегі қызметшілерін тұрғын үймен қамтамасыз ету және басқа да әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешу жөніндегі шараларды қолданады";

14) 15-бап мына мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бейбіт кезде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабымен бірге бірлескен іс-қимыл нұсқаларын жоспарлайды";

15) 21-баптың екінші абзацындағы "Министрлер Кабинетінің" сөздері "Үкіметінің" сөзімен алмастырылсын;

16) 25-баптың төртінші бөлігіндегі "Министрлер Кабинеті" сөздері "Үкіметі" сөзімен алмастырылсын;

17) 26-баптың алтыншы бөлігіндегі "Министрлер Кабинеті" сөздері "Үкіметі" сөзімен алмастырылсын;

18) 29-баптың:

атауындағы және екінші бөлігіндегі "Ішкі әскерлері туралы" сөздерінің алдына "ІІМ-інің" сөзі қосылсын;

19) 33-баптың бірінші бөлігіндегі "Министрлер Кабинеті" сөздері "Үкіметі" сөзімен алмастырылсын;

20) 37-баптағы "Министрлер Кабинеті" сөздері, "атқарушы және өкімші органдар" сөздері тиісінше "Үкіметі", "атқарушы өкімет органдары" сөздерімен алмастырылсын;

21) 38-баптағы "Ішкі әскерлері" сөздерінің алдынан "ІІМ-інің" сөзі қосылсын;

22) 39-баптағы "Министрлер Кабинеті", "атқарушы және өкімші органдар" сөздері тиісінше "Үкіметі", "атқарушы өкімет органдары" сөздерімен алмастырылсын;

23) 40-баптағы "Ішкі істер министрі" сөздерінен кейін " - Қазақстан Республикасы ішкі әскерлерінің Қолбасшысы" сөздері қосылсын.

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Президенті